Бекітілді
Мектеп директоры
Р.Г.Абуов _____
31.08.2023ж

Келісілді
М/Д ТІЖ орынбасары:
Г.П. Шарипова _____
31.08.2023ж

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы 4-сыныбының тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Сынып жетекшісі:
Шакирова Бейбитгуль Сайранқызы

ТҮСІНІК ХАТ

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 4 сыныбының 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспары оқушылармен өткізілетін тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары, ата-аналармен жұмыс, балалармен құқықбұзушылықтың, үйірмелер мен секциялар жұмыстары, оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру, білім мекемелерінің тәрбие қызметін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік серіктестігі деп аталатын бөлімдерді қамтиды. ***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негізгідері басшылыққа алынды:***

Олар:

1.Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Бағыты: Ұлттық тәрбие;
4. Бағыты: Отбасылық тәрбие;
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;

жоспар жоғарыда аталған тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысының жоспары мектептің тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетін, тәрбиенің негізгі бағыттарын және оларды іске асыру шарттарын айқындайтын мектептің басты құжаттарының бірі болып табылады.

4 сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты:

Тәрбие жұмысында тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын,өзін-өзі басқара алатын,интеллектуалды дамыған адамгершілігі мол,мәдениетті,отан сүйгіш тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ***Сыныпта денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;***
- ***Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;***
- ***Табиғатты қорғауға,қоршаған ортаны бағалауға тәрбиелеу;***
- ***Отбасын сынып жұмысының тәрбие жүйесіне араластыру.***
- ***Оқушы бойында рухани-адамгершілік тәрбие негізін қалыптастыру,эстетикалық тәрбие арқылы жан сұлулығы мен мейірімділік қасиеттерін жетілдіру***
- ***Сыныптағы, мектепішілік,қоғамдық жұмыстарға жұмыстарға белсене қатысуға дағдыландыру.***

Күтілетін нәтиже:

- **Ой-өрісі кеңінен,жан-жақты тұлға қалыптасады.**
- **Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.**
- **Жеке бас гигиеналарын ұстануды үйренеді.**
- **Ата-анамен жүйелі байланыс орнап,мектеп,ата-ана арасындағы байланыс нығаяды.**

  Өзін-өзі тануға ұмтылады,белсенділіктері артады

1.Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7. Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы
4-сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Айы	Кешендібағдарламаның бағыты	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу әдіс-тәсілі	Уақыты
Қыркүйек	1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	*Білім сабағы* «Мектебім-мейірім мекені» «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»	Оқушыларды Отан сүйгіштікке,еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеу	Тәрбие сағаты Білім күні	01.09
	3.Ұлттық тәрбие;	Тіл мерекесі.«Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра »	Әр баланың жеке қабілетін анықтау. Әдеби тіл нормаларын игерту. Өнер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	04.09
	4.Отбасылық тәрбие	«Отбасы күні» Отбасы бақыт мекені	Оқушыларға отбасы жайлы түсінік беру	Сынып сағаты	11.09

	1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	Отан – оттанда ыстық ***Жол жүру ережелерін білеміз бе?***	Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру. Жол ережелерін білу	Сынып сағаты	18.09

Бекітілді
Мектеп директоры
Р.Г.Абуов
20.09.2023

Келісілді
М/Д ТІЖ орынбасары:
Г.П. Шарипова
20.09.2023ж

«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Шакирова Бейбітгүлдің 4-сыныпқа арналған 2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға,отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу

5. Табиғатқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Күтілетін нәтиже:

1.Ата –анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды,отбасы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды

3.Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі,ар ұятты жоғары бағалайды.

4.Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.

5.Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды


ТАЛАП
Сыни және креативті ойлау
Салауатты өмір салтын ұстану
Жеке және командамен жұмыс істей білу
Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету
ТАЛАП
Білуге, жаңаны тануға құштар болу
Дұрыс қарым-қатынас орната білу
Физикалық белсенді болу
Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау
Жан мен тән тазалығын сақтайды
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
Ізденімпаз, жасампаз тұлға
Қоршаған орта тазалығын сақтайды

АР-ҰЯТ


Академиялық адалдық қағидатын қолдау
Әдеп нормаларын ұстану
Адал еңбекті құрметтеу
Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну
Сөзіне берік, ісіне адал болу
АР-ҰЯТ
Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту
Отбасының, өз ортасының абыройын асыру
Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну
Халқына адал қызмет ету
Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
Достарын, сыныптастарын сыйлайды
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді
Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

ТӘРБИЕ ҚҰНЫДЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ
АР – ҰЯТ
ТАЛАП



Ұлттық мүдде

-Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл
-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
-Елінің тарихын құрметтейді
-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Денсаулық –зор байлық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	25.09
2	Әр отбасы - бір әлем «Қариясы бар ел қасиетті!» қарттар күні	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	02.10
3	«Ұстаздар мерекесі» ***Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.***	Тәрбие сағыты	Сынып жетекші	09.10
4	«Бала құқығы туралы не білеміз?»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	16.10
5	Күз мерекесіне саяхат	Серуен сабағы	Сынып жетекші	23.10

6	«Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	06.11
7	«Ұлттық теңге»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	13.11
8	«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы»	Танымдық сабақ	Сынып жетекші	20.11
9	«Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.11
10	«Табиғатты қорғайық» «Табиғатты қорғау біздің міндетіміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	04.12
11	Болашаққа бағдар: «Тәуелсіздік күні»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	11.12
12	«Буллинг және оған қарсы тұру» ***Жол жағдайларын макетте талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар***	Сынып сағаты	Сынып жетекші	18.12
13	«Тоқта,буллинг»	Сурет көрмесі	Сынып жетекші	25.12
14	«Зорлық зомбылыққа қарсымыз»	Сурет көрмесі	Сынып жетекші	08.01

Ар-ұят

-Ар-ұят,адалдықты жоғары бағалайды
-Сөзіне берік,ісіне жауапкершілікпен танытады
-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
-Достарын,сыныптастарын сыйлайды
-Кішіге ізет,үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
15	Қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл	Тәрбие сағаты		15.01
16	«Кітап білім бұлағы»	Сынып сағаты		22.01
17	«Әдептілік тәрбие бастауы»	Тәрбие сағаты		29.01
18	«Тәрбие басы тал бесік»	Сынып сағаты		05.02
19	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»	Тренинг		12.02
20	Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл	Тәрбие сағаты		19.02
21	«Бақытты отбасы зорлық зомбылықсыз әлем»	Дөңгелек үстел		26.02

Талап

-Жан мен тән тазалығын сақтайды
-Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
-Қоршаған орта тазалығын сақтайды
-Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
-Ізденімпаз,жасампаз тұлға

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
22	«Ризашылық пен алғыс», «Ана, сенің жүрегіңдей жүрек жоқ»	Тәрбие сағаты		04.03
23	Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл ***Темір жол өтпелері.***	Тәрбие сағаты		11.03
24	«Дәстүрді дәріптейік» «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!»	Тәрбие сағаты		18.03
25	«Зорлық зомбылықсыз әлем»	Сынып сағаты		01.04
26	«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ» ***Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.***	Сынып сағаты		08.04
27	«Ұлы ақын Абай Құнанбаев күні»	Тәрбие сағаты		15.04
28	«Дені саудың жаны сау»	эстафета		22.04
29	«Әке отбасы діңгегі»	Сынып сағаты		29.04
30	Болашаққа бағдар: « Ер есімі- ел есінде» Ұлы жеңіс	Тәрбие сағаты		06.05
31	Қазақ жазушысы Кемел Тоқаевтың өмірбаяны	Тәрбие сағаты		13.05
32	Мамандықтар сыр шертеді ***Қорытынды сабақ***	Сынып сағаты		20.05